

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын және қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы мектепке дейінгі ұйымдарды, балаларға арналған қосымша білім беруді қоспағанда, облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2025 жылғы 21 ақпандағы № 58/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 24 ақпанда № 7639-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2026 жылғы 16 ақпандағы № 41/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 16.02.2026 № 41/1 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 140-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын және қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы мектепке дейінгі ұйымдарды, балаларға арналған қосымша білім беруді қоспағанда, облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2017 жылғы 7 қарашадағы "Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" № 343/6 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 116073 болып тіркелген).

3. "Павлодар облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Павлодар облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны алғашқы ресми жариялағаннан кейін Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д.К. Жамбайбекке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысы әкімінің міндетін атқарушы

С. Батыргужинов

Павлодар облысы
әкімдігінің 2025 жылғы
21 ақпандағы № 58/1 қаулысына
қосымша

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын және қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы мектепке дейінгі ұйымдарды, балаларға арналған қосымша білім беруді қоспағанда, облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

1. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін тиісті бюджетке аудару нормативі келесідей белгіленеді:

3 000 000 теңгеге дейін таза кіріс	таза кіріс сомасынан 5 пайыз
3 000 001 теңгеден бастап 50 000 000 теңгеге дейін таза кіріс	150 000 теңге + 3 000 000 теңге көлемінде таза кірістен асатын соманың 10 пайызы
50 000 001 теңгеден бастап 250 000 000 теңгеге дейін таза кіріс	4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге көлемінде таза кірістен асатын соманың 15 пайызы
250 000 001 теңгеден бастап 500 000 000 теңгеге дейін таза кіріс	34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге көлемінде таза кірістен асатын соманың 25 пайызы
500 000 001 теңгеден бастап 1 000 000 000 теңгеге дейін таза кіріс	97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге көлемінде таза кірістен асатын соманың 30 пайызы
1 000 000 001 теңгеден бастап және одан жоғары таза кіріс	247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге көлемінде таза кірістен асатын соманың 50 пайызы

2. Денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар үшін таза кірістің бір бөлігін аудару нормативі 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.